

қоғамдық-саяси, әлеуметтік-рухани журнал

Үш таған

«Еліміздегі туризмнің әлеуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет».

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АҚТӨБЕНІҢ АЖАРЫ

Журналымыздың тоғызыншы нөмірінде Ақтөбенің көрікті жерлері — табиғат ғажайыптарының бірсыпырасына тоқталған едік. Сол ізбен бүгінгі нөмірде де өңірдегі әдемі орындар туралы мәліметтер беріп отырмыз.

Қасқыр сарқырамасы


Ақтөбе қаласынан 120 шақырым қашықтықта орналасқан өңірдегі ең тартымды туристік орындардың бірі — Қасқыр сарқырамасы.

Әсем жер тау жартастарының, ормандар мен көлдердің арасындағы көркем шатқалда, дәлірек айтсақ, Қарғалы ауданының қақ ортасында орын тепкен. Сарқырама өткен ғасырдың 70-жылдарында арнайы су бұру, яғни еріген мұздықтардан жасанды су ағызға қатысты шешім қабылданған кезде адам қолымен жасалған.

Кейінірек пайда болған аңыздардың әсерімен бұл Қасқыр сарқырамасы аталып кеткен. Көнекөз қариялардан жеткен әңгімеге сенсек, өзен шатқалына сарқыраманың қатты ағынымен шайылып кеткен күшіктерін жоғалтқан қасқыр әр түн сайын келетін болған. Кейбір саяхатшылар тұз тағысының ерекше ұлуын естіген деседі... Бөліріктерден айырылу оңай ма?!

Сарқыраманың екінші атауы — Ащылысай. Себебі оны осылай (бұрынғы Григорьевка) деп аталатын ауылға жету арқылы ғана табуға болады.

Сарқыраманың әдемі көрінісіне тек көктемде Бадамша-Әлімбет үстіртінің шыңдарындағы мұздықтар еріген кезде ғана куә бола аласыз. Мұндағы судың температурасы да айтарлықтай, анау-мынау адамның буынын бірден құрыстырып жібереді. Өте салқын. Сондықтан бір-ақ сәтте суықтап қалуға әбден болады. Есесіне, сырттай сұлулығына тамсанып, естелік суретке түсуге кел-




Үш таған

генде бұл жерге тең келер мекен жоқ. Салқын легті сезініп, сарқырамаға дейін жаяу жетсеңіз, тіптен ғажайып Жолдағы биік те әсем ағаштар саяхатыңызды одан сайын әсерлі ете түседі.


Сарқырамаға баратын ең қолайлы уақыт — сәуірдің соңы мен шілде айына дейін. Одан кейін сарқырама құрғап қалады. Соңғы жылдары туризммен табыс табатын іскер азаматтардың осы мезгілді жақсы пайдаланатыны сондықтан.

Жаманшың метеорит кратері

Бұл жерге өсімдік өспей, жәндіктер де жолай алмағандықтан жұрт Жаманшың деп атап кеткен деседі. Жаугершілік жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандар осында келіп паналаған деген де долбар бар. Сол кезде құрсанып келген қуғыншылар оларды таба алмапты... Ал



1960 жылдары осы Жаманшыңда құпия әскери бөлімше тұрған деген де дерек кездеседі. Алып машиналар, қару-жарақтар, оқ-дәрілер, тіпті әскери ұшақтар қонатын болған. Жаманшың аумағынан табылған тектиттер ТМД елдері аумағында бірінші рет тек біздің облыстан ғана табылып отыр. Бұрынғы замандарда адамдар бұл заттан түрлі бұйымдар жасағаны да зерттеушілерге мәлім. Ал герцог Эдинбург осы тектиттерден моншақ тізіп, патшаға сыйға тартқан.



Жаманшыңды 1937-1939 жылдар аралығында алғашқы болып зерттеген ғалымдар — А.Яншин мен В.Вахрамеев. Сол уақытта геологтер Жаманшыңда зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде жер бетінен палеозой дәуірінің жыныстарын табады. Жаманшыңның құпияларын табу зерттеуші ғалымдарға оңайға түскен жоқ. Сондықтан бұл жердегі геологиялық жұмыстар 1946, 1957, 1961 және 1963 жылдары одан әрі жалғасын тапты. Зерттеу жұмыстары кезінде ол жерден қара түсті шлактар, әйнектің ерекше түрлері көптеп анықталған. Артынша табылған кен үлгілері Мәскеудегі білікті ғалым Петр Флоренскийге жіберіледі. Өз кезегінде ол 1975-1976 жылдары Жаманшыңның жарылыстан пайда болған ойпат екендігін ғылыми түрде дәлелдеді. Осынан табылған ерекше тастарға «жаманшит», «иргизит» деген атаулар берілді. Ал 1977 жылдың жаз айында метеориттер жөніндегі комитеттің экспедициясы жұмыс істей бастайды. 1989 жылдың қыркүйегінде АҚШ, Канада, Германия және Франция елдерінің ғалымдарынан құралған халықаралық экспедиция ұйымдастырылып, Жаманшың өлем назарын аударды.

Айта кетейік, зерттеушілер Жаманшың осыдан 075-1,1 млн жылдар бұрын оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарап ұшқан ірі метеориттің жерге қиғаш (көлбеу) құлау салдарынан пайда болғандығын анықтады. Ойпаттың диаметрі 5-6 шақырым, түбі жайпақ, баурайы көлбеу, тереңдігі 700 метрдей. Метеориттің диаметрі 200-400 метрге жетеді.

Кратер Ырғыз ауданының орталығынан 40 шақырым жерде, оңтүстік-батысқа қарай орналасқан.

Кратер аумағында орналасқан Азу тісті ел кезінде «Әке арқауы» деп те атап, халық арқасын қатпар-қатпар тасқа тіреп, Алладан тілек тілеген.

1000 метрдей жер астында жатқан қабаттарды метеорит күші жер бетіне шығарып тастаған керемет көріністі тамашаласаңыз, таң-тамаша қаласыз... Осы орайда елге келген космоэнергетиктер де тасты «Әке арқауы» деп атап, бұл жердің ерекше қасиеті бар екенін алға тартқан. Әдетте жұртшылық аталған тасқа арқаны тіреген күйде арғы ата-бабаларына сиынып, Құран бағыштап, қолдау сұрайды. Сонымен бірге «Ана құрсағы» деп аталатын қуысқа кіріп, бала аңсап жүргендер Жаратқаннан сәби сұрайтыны және бар. Азу тіс аумағында лешательериттер көптеп кездеседі.

Жаманшыңда Алладан тілек, шапағат тілер «Тілек төбе» деген жер де бар. Кейде «Ем төбе» деп аталады. Мұнда «Ем болғай» деп дұға-тілекпен келетіндер көп.

Метеориттің тағы бір айрықша жері «Кешірім тауы» деп аталады. Бұл тауға шығып, Алладан адам баласының осы өмірде біліп-білмей жасаған қателіктеріне кешірім алуға мүмкіншілік беріледі. Жайпақтау кішкене төбешік

балалардың түрлі (энурез, шошыма) ауруларына ем деседі.

Батыс беттегі сәл алыстау түйенің қос өркешіндей қос төбе ренжіскен жұбайларды «Татуластыру төбесі» деп аталады.

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты

Ырғыз ауданының орналасқан резерват аумағында сүтқоректілердің 29 түрі, құстардың 250 түрі, бауырмен жорғалаушылардың 14 түрі, қосмекенділердің 4 түрі және балықтардың 10 түрі кездеседі. Оның ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енген құстардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан 32 түрі: қызғылт және бұйра бірқазан, жалбағай, қарабай, кішкене аққұтан, фламинго, аққу, сұңқылдақ аққу, қызылжемсаулы қарашақаз, ақбас үйрек, ақ тырна, сұр тырна, ақбас тырна, дуадақ, жек дуадақ, безгелдек, тарғақ, сүйір тұмсықты шалшықшы, қарабас өгізшағала, қарабауыр және ақбауыр бұлдырық, қылқұйрық бұлдырық, лашын, ителгі, аққұйрық және ақиық субүркіт, бүркіт, ақиық, дала қыраны, жыланшы қыран, балықшы түйғын, т.б. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты — табиғи кешендерді сақтау және қалпына келтіру, бетпақдала популяциясының өкілі — киіктердің мекендеу орындарын (қыстау, жайлау, төлдеу) қорғау мақсатында құрылған, ең ірі және жалғыз қатаң қорғалатын дала аумағының бірі.

Маусымдық қоныс аудару және түлеу кезінде мұнда кем дегенде 2-3 миллион суда жүзетін құстар мен су маңындағы құстар ұшады. Резерват флорасы 430 түрден тұрады. Табиғи резерват Торғай мемлекеттік табиғи қорығымен бөлінген солтүстік және оңтүстік аймақтық бөлімшелерден тұрады. Солтүстік аймақтық бөлімге Олькейек тобының көлдері және Олькейек өзенінің алқабы кіреді. Оңтүстік өңірлік бөлімшеге халықаралық маңызды сулы-батпақты алқаптар, Торғай өзеніндегі көлдер жүйесі, Шалқартеңіз ойпаты, Шалқарнұр таулары, Торғай өзенінің сағасында орналасқан Құрдым, Қаракөл және Бақшакөл көлдері кіреді. Резерваттың аса құнды табиғи кешендерін ықтимал жағымсыз факторлардан қорғап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғи кешендердің экологиялық тұтастығын сақтау мақсатында резерваттың айналасының периметрі бойынша ені 2 шақырымдық қорғау аймағы құрылды.

Өзірлеген Айбек СЕРІКҰЛЫ.